

**Дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдардың барлық түрлерінің бөлшек сауда бағаларын ырықтандыру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1992 жылғы 4 қараша N 939. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.05.05. N 674 қаулысымен

Нарықты молықтыру және дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетілуіне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Бағаны ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы" (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 1992 ж., N 1, 1 бап) 1992 жылғы 3 қаңтардағы N 3 қаулысының 2-ші тармағына және осы қаулымен бекітілген N 2 қосымшасына ішінара өзгерістер енгізіліп, дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдардың, барлық түрлеріне 1992 жылғы 16 қарашадан бастап еркін бөлшек сауда бағалары белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРМК-нің 1994.03.14.  
N 259 қаулысымен.

2

Ескерту. 2-ші тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.09.26.  
N 1283 қаулысымен.

3. Науқастарды амбулаторияда емдеген кезде дәрігерлердің рецептері бойынша дәрі-дәрмекті тегін немесе жеңілдікті түрде босату осындай жеңілдіктер беру көзделген халықтың топтары мен ауру түрлерінің тізбесіне сәйкес жүзеге асырылсын (N 1 және 2 қосымша).

4. Қазақстан Республикасының Денсаулықмині дәрігерлердің арнайы рецептері бойынша халыққа жеңілдікті түрде дәрі-дәрмек босатуды ішінара құнын төлетіп, дәріхана мекемелері арқылы жүзеге асырсын. Рецепттер бір дана болып жазылады және кейіннен емдеу-сауықтыру мекемелеріне көрсетіп, олардың құнын төлету үшін дәріхана мекемелерінде қалады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 4 қарашадағы  
N 939 қаулысына  
N 1 қосымша

Амбулаторияда емделген кезде дәрігерлердің  
рецептері бойынша дәрі-дәрмек тегін босатылатын  
халық топтары мен ауру түрлерінің  
Т І З Б Е С І

1 . Х а л ы қ т о п т а р ы :

Отан соғысының мүгедектері және оларға теңестірілген мүгедектер;  
бала күнінен мүгедек болған 16 жасқа дейінгі өскіндер;  
3 жасқа дейінгі балалар;

Ұлы Отан соғысына қатысқандар, сондай-ақ КСРО-ны қорғау кезінде немесе  
әскери қызметтің өзгедей міндеттерін атқару жарақаттану, контузия немесе  
зақым алу салдарынан, немесе майданда болған кезінде науқастану салдарынан  
қаза тапқан әскери қызметшілердің ата-аналары мен әйелдері;

Ауғанстанда және басқа елдердің аумағында соғыс қимылдарына

қатысқан бұрынғы интернационалист әскери қызметшілер қатарында  
болған азаматтар;

фашистік концлагерлердің кәмелетке толмаған (босатылған  
кезінде 16 жасқа дейінгілер) бұрынғы тұтқындары;

Чернобыль атом станциясындағы апат кезінде зардап шеккен  
балалар;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттан зардап шеккен  
аудандарда тұрған екіқабат әйелдер;

Чернобыль атом электр станциясындағы апат және оның  
зардаптарын жою кезіндегі жұмысты орындау үстінде сәуле ауруына  
шалдыққан әрі осы апат кезінде және оның зардаптарын жою  
жөніндегі жұмысты атқаруда мүгедек болғандығы анықталған адамдар;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттан және оның  
зардаптарын жою кезінде қаза тапқан немесе қайтыс болған

азаматтардың отбасы мүшелері.

II. Ауру түрлері:

ісік және қан аурулары;

қант сусамыры, жәй сусамыр;

күяң (ауру қайталап қабынбау үшін бициллин қолданылады);

жүрек қалақшаларын протездеу операциясынан кейінгі жағдай (қанның қоюлануына қарсы қолданылатын дәрілер);

ауық-ауық байқалатын өткір порфирия (аденил препараты, отандық фосфаден);

бруцеллездің ауыр түрі (антибиотиктер);

ақыл-сана дерттері (I, II топтағы мүгедектер мен психиатриялық және психоневрологиялық мекемелердің емдеу-өндірістік шеберханаларында жұмыс істейтін аурулар);

торсылдақ және кеселді (өткір) қызыл жегі;

терінің созылмалы ауыр кеселдері;

мерез;

алапес;

туберкулез;

Аддисон ауруы;

шизофрения және қояншық;

гепатоцеребралды дистрофия және фенилкетонурия;

муковисцидоз (ауру балаларға);

демікпе (ауру балаларға);

қан тышқақ ауруы;

ергежейлілік;

бүйрек алмастыру операциясынан кейінгі жағдай;

Бехтерев ауруы;

бұлшық еттің әлсіздену ауруы;

миопатия;

мишыққа байланысты Мари ауруы;

миға байланысты балалардың сал аурулары;

жыныс мүшелерінің ерте жетілуі;

ағзасының қорғану қабілетінің жетімсіздігі вирусына шалдыққандар (СПИД);

жүрек, бауыр алмастыру операциясынан кейінгі науқастар;

миокард инфаркті (алғашқы алты ай).

Ескерту: "Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР-і халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы" Қазақ КСР-інің

Заңына сәйкес облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне аталған тізбеге толықтырулар енгізуге хұқық берілген.

2-қосымшаның қазақша мәтіні жоқ.

## ПРИЛОЖЕНИЕ N 2

к постановлению Кабинета Министров  
Республики Казахстан  
от 4 ноября 1992 года N 939

### П Е Р Е Ч Е Н Ь

групп населения, при амбулаторном лечении которых  
лекарственные препараты по рецептам врачей  
отпускаются на льготных условиях

1. С оплатой 50 процентов стоимости:  
граждане, работавшие в период блокады Ленинграда на предприятиях города  
и награжденные медалью "За оборону Ленинграда";  
инвалиды I и II групп вследствие трудового увечья, профессионального или  
о б щ е г о з а б о л е в а н и я ;  
инвалиды с детства I и II групп, получающие пособие;  
пенсионеры из числа военнослужащих, рабочих, служащих, колхозников,  
получающих пенсию по старости, инвалидности или по случаю потери  
кормильца в минимальных размерах;  
пенсионеры, награжденные орденами и медалями СССР за самоотверженный  
труд и безупречную воинскую службу в тылу и в годы Великой Отечественной  
в о й н ы ;  
граждане, награжденные знаком исполнительного комитета Ленинградского  
городского Совета народных депутатов "Жителю блокадного Ленинграда";  
лица, принимавшие в 1986-1987 годах участие в работах по ликвидации  
последствий аварии на Чернобыльской АЭС;  
члены семей военнослужащих, лиц начальствующего и рядового состава,  
призванных на сборы военнообязанных, рабочих и служащих Министерства

обороны СССР, Министерства внутренних дел СССР и Комитета государственной безопасности СССР, погибших (умерших) во время выполнения заданий по охране общественного порядка при чрезвычайных обстоятельствах, связанных с антиобщественными проявлениями;

граждане, необоснованно привлекавшиеся к уголовной ответственности и подвергшиеся другим судебным и внесудебным репрессиям по социально-политическим мотивам, имевшим место в период 30-40-х и начала 50-х годов, признанные инвалидами вследствие заболевания в местах лишения свободы (за исключением лиц, инвалидность которых наступила в результате противоправных действий или общего заболевания после освобождения) и вдовы посмертно реабилитированных граждан, не вступившие в другой брак.

II. С оплатой 20 процентов стоимости:  
персональные пенсионеры и члены их семей, находящиеся на их иждивении.

ПРИМЕЧАНИЕ. В соответствии с Законом Казахской ССР "О местном самоуправлении и местных Советах народных депутатов Казахской ССР" главам областных, Алма-Атинской и Ленинской городских администраций предоставлено право вносить дополнения в данный перечень.